

# Бүгіншіл елдің бүгінгі сауалдары

(латын әліпбіне қатысты қоғам көзқарастарына менің көзқарасым)

Ел – бугіншіл,  
Менікі – ертең үшін.

А. Байтұрсынов

Елдіктің туы тігіліп, тәуелсіздік таны атқан сәттен бері еліміз бірнеше кедергігеге жолығып, бірқатар ауырлықты бастан кешіріп, өздаму жолында аянбай курсеп келеді. Осы курс жолында сан мындаған өзгерістер, сан қылыш жаңаңықтар жасағаны да жасырын емес. Бейбітшілікті сақтау жолында кеменгер Елбасымыздың жасаған әрбір қадамы осы күнге дейін нәтижесіз болған емес. Осы секілді мақсатты нәтижени қөзделген Елбасымыздың жаңашыл қадамдарының бірі – жақындаған ғана қолға алынып, қоғамдық қызы талқыға түскен «латын әліпбіне көшү» мәселесі.

Елбасымыздың аталған қадамын жариялаған мезетте қоғамдық пікір екінше жарылды. Әддегегідей жақтаушылар және даттаушылар тараҧы табыла кетті. Бұл мәселе тек Қазақстан төңірегінде ғана емес, бүкіл әлем назарын өзіне қарратты.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев қоғамдық талқыға түскен мәселеге өз нүктесін қойып, 2025 жылға дейін толықтай латын қарпіне көшу туралы жарлыққа қол қойды. Десе де, нақты шешім қабылданған күннің өзінде жаңа тараҧынан, қарапайым халық тараҧынан әлі де болса бұл қадамға деген сенімсіздік, қорқыныш бар екендігі абын да болса шындық. Себебі, олардың көкейкесті сауалдарына нақтылы жауаптар берілмей келеді, берілген күнде де оны жеткізу жұмыстары әлі ақсал тұр. Осы тұста қарапайым халыққа, жаңа тараҧа арнағы түсіндіру жұмыстарын нақтылаг қолға алу қажеттігін айта кеткен жөн. Ал, «тілімізді жоғалтып алмаймыз ба?», «әлі дайын емеспіз», «сонда әліппеге аянбай еңбек сіңірген ғалымдарымыздың еңбектері

зая кеткені ме?» деген секілді жауап беруді қажет ететін сауалдар кімді де болса ойланырыры анық. Ендеше, біз де осы сауалдарға жауап іздеп, ой қозғап көр-геніміз әбден дұрыс болмақ.

Әуел «тіл мәртебесіне» қатысты пікірлерге қулақ салып, көз жүгіртсек, бұл сауалдың аса орынсыз екендігіне көзіміз жетеді. Себебі, біз латын тіліне емес, латын қарпіне көшудеміз. Яғни, тіл емес, таңба ауысады. Бұл дегеніміз, тілімізге кеңестік биліктің кигізген есқі шекпенін шештіріп, замана талабына сай жаңа шапан кигізгенімізден тен-бе-тең. Латын қарпінің тіл мәртебесіне тиғізеге зияны жоқ екенін баса айтқын келеді. Тәуелсіздік алған мезеттен осы қаріпке көшіп үлгерген бауырлас түркітілес елдерді алып қарасақ, олардың тілі әлі сақтаулы, латын әліпбі оларды тілінен айырған жоқ. Асылында, тілдің сақталуы негізінде оның таңбасына емес, сол тілде сейлеуши халықтың үлттық санасына байланысты. Үлттық санасы бұзылмаған елдің тіпті қай тан-бада берілсе де жоғалмасы анық. Өған өз тіліміз – қазақ тілі бірден-бір дәлел бола алады. Сонымен қатар, тағы да айта кеттер жайт, латын қарпіне көшу мәселе-сін көтеріп, ең алғаш ұсынған, алғашқы қолдаушылар болған ол – тіл жана-шырлары – филологтар. Енді осы тұста танбаны ауыстыруды ұсынған тіл ма-мандарының қазақ тілінің мәртебесін, келешегін ойламай қалуы тіптен ақылга сыйылымсыз. Осыдан – ак тілін ойлап, қа-мығып жүрген азаматтардың бұл сауалын жауапын тапқап да.

Келесі толғандырған мәселе – еліміздің бұл жаңа қадамға әлі дайын еместігі. Осы тұста қарапайым ғана қа-зақ мақалын еске түсірмеске болмас: «еріншектің ертең бітпес». «Әлі дайын емеспіз» деумен кейінге қалдыра берер

болсақ, өркениетті елдер көшінен арта қаларымыз белгілі. Себебі, уақыт бізді күтпейді. Керінше, мұндай маңызды шешімді еш қорықпастан, болашаққа деген үлкен сенім, умітпен қабылдағанымыз абыз. Бәрімізге белгілі, кез келген жаңа іс басталуында қыындығын көрсетеңді. Бірақ біге керегі оның нәтижесі. Әуелгіде қарапайым халық, әсіресе сауаты аз түрғындар әліпбиді менгере алмауы қалыпты. Бірақ бұл жағдай халықтың қайта сауаттануына жол ашатын мүмкіндік деп қарауымыз керек. Халық өздігінен білм алуга талпына бастайды.

Осы секілді тағы бір мәселе – баспа іci. Едәуір қаржылық шығынды әкелуі мүмкін. Десе де оның да дұрыс жағын танып білуге болады. Кириллицамен ба-сылған том-том кітаптар, оқулықтар, газет-журналдар қайта қаралып, тексеріліп, сұрыпталып, жаңа сипатта шығатын болады. Бұл дегеніміз, еш қажеттілік жарамай, оқылмай, сөрелерде шан басын жаратының кітаптар, газет- журналдар өз кезегінде құнды бас-палармен ауысады деген сез. Мұның өзі оқырман қауымды қызықтырмай қой-масы анық. Айта берсен, тізіле берер кедергілер тек басында ғана қыындық, екеледі. Уақыт ете бәрі өз орына түскенде бұл қадамыздың жемісін көреріміз анық. Ендігі бізден талап етілер нәрсे – жақсылыққа умітпен қарау, латын қарпінің біздің даму жолымызды жеңіл-детеріне, жаңа заманғы Қазақстанның қырылуына жол ашарына күмәнсіз сену.

Латын қарпіне көшу туралы ең алғаш қулағдар болған сәтте көкейімде «сондай-әліппеге аянбай еңбек еткен ғалымдары» мыздың еңбектері заң кеткені ме?» деге сұрақ туындағы. Шынында да, А.Байтұрсынов зерттеген әліппе, ондағы емлдер маңызын жоймақ па? Латын әліп жайлар мәліметттермен таныса келе б

сауалыма жауап талтый десем де болады. Жалпы біздің әліпреміз кириллицаға негізделгендіктен біздегі әрітерге қатысты ережелер көбінесе орыс ғалымдарының зерттеу еңбектері негізінде жа-зылған. Латын қарпіне көшу арқылы біз қазақтың «төл» емлесін әзрлейтін боламыз. Және кириллицаң зерттеген ғалымдарымыз да өз кезегінде ұмытылмайды. Себебі, олар – біздің тарихымыз. Ал тарихыз келешек құрылмайды. Сондықтан, әліпбіге алтындағы үақыттарын сарп еткен ғалымдармыздың еңбектері заң кетеді деуте негіз жоқ екен. Жаңа қарпіке көшу барысында жаңа ережелер, жаңа зерттеулер жасалады. Бұл жаңа зерттеушілер халық болмақ. Сондықтан нәтижеге жетер ұлт ретінде табанды қадамнан тайсалмайық!

Бибімария ӘМІРБЕК,  
АрқМПИ,  
«ҚБ-31» тобының студенті